

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН



SARYARQA
ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУГЕ АРНАЛҒАН ВЕБ-САЙТ

А1
қарапайым деңгей

ҚАЗАҚ, ТІЛІ



ВЕБ-САЙТ



YOUTUBE



ОҚУ-ҚҰРАЛЫНЫҢ
АУДИО ҚОСЫМШАСЫ

Мемлекеттік қызметшілер мен
ересектерге арналған оқу құралы

Игенова А.А. ♦ Ағымбаева М.Ш.

LIVEWORKSHEETS

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Қазақ тілін оқытуға арналған
«Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені

A1
қарапайым деңгей

ӨОЖ 811.512.122 (075.8)
КБЖ 81.2 Каз-923
Қ22

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені
Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі
басқармасының тапсырысы бойынша әзірленді.

Кеңесші, пікір жазғандар:

З.С. Күзекова, филология ғылымдарының докторы, профессор;
Б.М. Айтбаева, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған
профессор.

Авторлары: Игенова Алмагүл Ақмашқызы,
Ағымбаева Мунира Шайхсламқызы

Көркемдеуші дизайнер: А.Х.Есмагамбетов

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені.

Қарапайым деңгей (А1)

2023. – 177 б

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешенінің қарапайым деңгейге арналған оқу құралы тілді меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктерінің ұлттық стандартының талаптарына сәйкес әзірленіп, ересектерге тілді деңгейлеп оқытуды негізге алған.

Оқу құралында тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесім бойынша, сондай-ақ лексика-грамматикалық құрылым түрлеріне қатысты материалдар топтастырылған және тестілеуден өту дағдысын қалыптастыру мақсатында аралық тест тапсырмалары ұсынылды.

Оқу құралының аудиомәтіндері мен бейнематериалдары веб-сайтта орналастырылған. Сілтемеге QR-код арқылы өте алады. Тіл үйренушіге де, оқытушыға да дәрісті тиімді ұйымдастыруға ыңғайлы.

Куәлік №42847
ISBN 978-601-09-3005-6

© «Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» ММ, 2023

© «Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығы» ЖК, 2023



1. Оқыңыз.

Айнұрдың құрбылары



Алтынай

Сенбі күні менің басым қатты ауырды. Қызуөлшегішпен қызуымды өлшедім. Қызуым 39 болды. Лимон қосылған шай іштім. Телефонмен жедел жәрдем шақырдым.



Нұрай

Мен демалыста досыммен кездестім. Ол мені гүлмен күтіп алды. Екеуміз бірге киноға бардық.



Сәуле

Жексенбі күні әжем мені ауылға шақырды. Ата-әжеммен әңгімелестім. Аспен серуендедім. Қаймақ қосылған құймақ жедім. Әжемнің құймағы өте дәмді. Маған ауыл ұнайды.



Құралай

Жазда Алматыда болдым. Алматыға ұшақпен бардым. Мені құрбым мен інім күтіп алды. Біз қалада қыдырдық. Шымбұлақта шаңғымен сырғанадық. Алматы – әдемі қала.

52



2. Мәтінді III жақтан жазыңыз.



Алтынай



Құралай



Нұрай



Сәуле



3. Ақпараттың дұрыс-бұрыстығын анықтаңыз.

- 4 Нұрайды досы гүлмен күтіп алды.
- Ата-әжеммен сөйлестім.
- Лимон қосылған шай ішті.
- Шаңғымен сырғанады.
- Аспен серуендедім.
- Сенбі күні ауырдым.
- Жазда Алматыға бардым.
- Шымбұлақта болдым.
- Әжемнің құймағы өте дәмді.
- Досымен киноға барды.
- Алматы – әдемі қала.

1



Құралай

2



Сәуле

3



Алтынай

4



Нұрай



4. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

ат _____ серуендедім
телефон _____ сөйлестім.

-мен

такси _____ келдім.
пойыз _____ бардым.

-пен

шаңғы _____ сырғанадым.
қызуөлшегіш _____ өлшедім.
ата-әжем _____ әңгімелестім.
досым _____ кездестім.
гүл _____ күтіп алды.

-бен



Көмектес септігі

Зат есім +
(-мен, -бен, -пен)

Мысалы:
телефон+мен
жұмыс+пен
пойыз+бен



5. Тыңдаңыз, бос орындарды толтырыңыз.

Киімді үтік _____ үтіктедім.
Кеше әжем _____ әңгімелестім.
Бүгін құрбыларым _____ кездестім.
Кеше ағам _____ сөйлестім.
Жазда ат _____ серуендедім.
Қыста шаңғы _____ сырғанадым.

Пышақ _____ турадым.
Есікті кілт _____ аштым.
Қарағандыға пойыз _____ келдім.
Алматыға ұшақ _____ бардым.
Кеше дәрігер _____ сөйлестім.
Ет _____ самса пісірдім.



6. Тиісті қосымшаларды қойып жазыңыз.

Мен

гүл _____ күтіп ал _____ .
досым _____ кездес _____ .
киноға бар _____ .
демал _____ .
киім үтікте _____ .

Сен

ауылға бар _____ ба?
ата-әжең _____ сөйлес _____ бе?
ат _____ серуенде _____ бе?
тосап _____ құймақ же _____ бе?

Сіз

ауыр _____ ба?
қызуөлшегіш _____ өлше _____ бе?
лимон қосылған шай іш _____ бе?
телефон _____ дәрігер шақыр _____ ба?

Ол

Алматыда бол _____ ма?
таксимен _____ күтіп ал _____ ма?
қалада қыдыр _____ ма?
шаңғы _____ сырғана _____ ма?



7. Тыңдаңыз, жазыңыз.

Мен _____ киноға _____ .
Сен _____ киноға _____ ба?
Сіз _____ бе?
Ол _____ күтіп _____ ма?
Сіз _____ бе?
Ол _____ келді ме?
Сіз _____ кездестіңіз бе?
Алматыға _____ бардым.



8. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

Менің бала+м+мен

Менің қыз+ _____ + _____
Сенің дос+ _____ + _____
Сіздің құрбы+ _____ + _____
Оның ана+ _____ + _____
Сіздің әке+ _____ + _____
Менің іні+ _____ + _____
Сенің әпке+ _____ + _____
Сіздің әріптес+ _____ + _____



9. Берілген сөз орамдарының көмегімен сұқбаттасыңыз.

Таксимен күтіп аласыз ба?

Кеше қайда бардыңыз?

Таңғы рейспен келдіңіз бе?

Пойызбен бардыңыз ба?

Кіммен кездестіңіз?